



2026 жылдың 01 қаңтарға


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2026 жылдың 1 қаңтарға елдің 23 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі **43 455,5 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 61%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі **1 575,4 млрд теңге**, немесе жалпы несие портфелінің **3,6%** құрады (2025 жылғы 1 желтоқсанға – 42 408,5 млрд теңге немесе 62%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 1 071,6 млрд теңге немесе 68% (01.12.2025 ж. – 1 128,6 млрд теңге) келеді.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 503,6 млрд теңге немесе 32% (01.12.2025 ж. – 456 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,2 млрд теңге (01.12.2025 ж. – 0,2 млрд теңге) келеді.

01.12.2025 ж.
NPL құрылымы



01.01.2026 ж.
NPL құрылымы




■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** келеді – 503,5 млрд теңге немесе несиелер портфелінің 3,8%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:

- **«KASPI BANK» АҚ** – 442 млрд теңге (несиелер портфелінің 5,5%);
- **«Bereke Bank АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)»** – 108 млрд теңге (несиелер портфелінің 6,9%);
- **«ForteBank» АҚ** – 106 млрд теңге (несиелер портфелінің 3,6%);
- **«Alatau City Bank» АҚ** – 91 млрд теңге (несиелер портфелінің 7,6%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 9,6%.**

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Alatau City Bank» АҚ (7,6%); «Заман-Банк» Ислам банкі» АҚ (7,3%); «БиЭнКей» коммерциялық банкі» АҚ (7,3%) және «Bereke Bank АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)» (6,9%).**

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады